

**Гүлшат НҰРЫМБЕТОВА**

**ОРАЗ ЖАНДОСОВ**

«Елорда»  
Астана – 2013

УДК 94(574)  
ББК 633(5 Қаз)  
Н 87

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды

*Пікір жазғандар:*

*Ахметов Қадыр* – тарих ғылымдарының докторы;

*Кенжебаев Ғабит* – тарих ғылымдарының докторы.

**Н 87**                    **Нұрымбетова Гүлшат.**  
**ОРАЗ ЖАНДОСОВ.** /монография/  
– Астана: Елорда, 2013. –224 б.

**ISBN 9965-06-555-1**

Ораз Жандосовтың есімі көпшілік оқырман қауымға көркем шығармалар арқылы жақсы таныс болғанымен, оның қоғамдық-саяси қызметі, мемлекеттік қайраткерлік еңбегі беймәлім. Кітапта оның 1916-1938 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметі туралы тың мұрағат деректерінің негізінде жазылған.

Кітап студенттерге, тарихшы, саясаттанушы мамандарға, көпшілік оқырманға арналған.

УДК 94(574)  
ББК 633(5 Қаз)

© Нұрымбетова Г., 2013

**ISBN 9965-06-555-1**

© «Елорда», 2013

## *Kipicne*

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Бұл кезеңде демократиялық мемлекеттің құқықтық негіздерінің жан-жақты дамуына, жеке тұлғалардың даму заңының, азаматтардың құқының сақталуына және барлық тұрғындарының жан-жақты дамуына жағдай жасауға көп көңіл бөлінуге тиіс. Қай мемлекеттің болмасын дамып, гүлденуі оның географиялық ортасына, табиғи және еңбек ресурстарына, ұлтаралық қатынастағы үйлесімдікке және қоғамдағы ұлттық сана-сезімнің деңгейіне байланысты. Ал бұлардың қалыптасуына үлкен әсер ететін зиялылар қауымы. Зиялылар қауымының экономика мен мәдениеттің дамуына қосқан үлесінен қоғамдағы үдемелі дамуға жол ашылмақ. Зиялылар қауымының қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын шешуші рөл атқаратыны, олардың әсіресе бір қоғамдық-экономикалық формациядан екіншісіне өтетін өтпелі кезеңде атқарар рөлінің жоғары екендігін тарих өзі дәлелдеді.

КОКП билеген Қазақстанда ұлт тарихы жойдасыз бұрмаланғаны бүгінде баршаға мәлім. Социалистік құрылыстың артықшылықтарына көлеңке түсірмеу үшін көптеген деректер зерттеушілерге жабық болды. Осы жағдай 20-30 жылдар мәселесіне де қатысты. Бұл бір ең күрделі де ауыр онжылдықтар еді. Бұл жылдары сөз жүзіндегі табыстар мен негізделмеген нәубеттер қатар жүрді.

Ұлттық сана-сезімнің өсуі өз халқының тарихына, оның мәдени қазыналары мен дәстүрлеріне деген

ынта-ықыласты оятады. Биік мұраттарды өмірлік шындыққа айналдыратын – нақты қайраткер адамдар, солардың мыңдаған кедергілерді жеңген жігері көзге бірде көрінсе, бірде көрінбейтін мыңдаған түрлі қиындықтарға мұқалмаған қайсар рухы. Басқаша айтқанда, белгілі бір тарихи кезеңдерде немесе дәуірлерде халықтың асыл арманын, тілек-мұратын білдіруші де – сол қайраткерлік дәрежеге көтерілген адамдар. Өтпелі күрделі кезеңдерде халық олардың тарихи тұлғасына қайырылып, іс-әрекетінен, мақсат-мүддесінен, тіптен мінез-құлқынан бүгінгі өзінің алдында тұрған күрмеуі күрделі сауалдарға жауап, іс-қимылына негіз боларлық сүйеніш іздейді.

Зиялылар тарихына – адамзат ойы мен мәдениеті тарихына тоқталмай, тарихи дамуды толығынан көрсету мүмкін емес. Біздің елімізде бұл мәселе ұзақ жылдар коммунистік партияның тарихымен тығыз байланысты болды. Сол себептен де партия мен зиялылар қауымының саяси қарым-қатынасы мәселесін зерттеу арқылы ұлт зиялыларының төңкеріс кезеңіндегі рөлі мен орнын анықтап, қазіргі кезеңіндегі оның көптеген мәселелерінің мәнін түсінуімізге болады.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ұлт зиялылары тарихы өз дәрежесінде зерттелмеді. Себебі, зерттеушілер тек жеке оқиғаларды, деректерді көрсетіп қоймай, жеке тұлғаларды, олардың идеяларын, позицияларын беруі қажет еді. Жалпы, тарих ғылымында жеке тұлғаның рөлі мәселесіне жете көңіл бөлінбесе, кешенді тарихты түзу мүмкін емес.

Қазан төңкерісі Қазақстанның тарихында жаңа қасірет бетін ашты. Өлке өздерінің мақсатына жету үшін қандай да болсын әдістен ұялмайтын, бір-біріне

қарсы екі күштің күрес аренасына айналды. Қазақ халқы қызылдар мен ақтар лагері қанды тартысының тұтқынына айналды, яғни балға мен төстің қыспағында қалды.

Қазан төңкерісінің пісіп-жетілуі зиялылар арасын екіге бөліп, бірінен бірінің іргесін аулақтатып, әрқайсысының саяси бетбұрысын анықтап берді. Олардың бір тобы Алаш партиясын құрып (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және басқалар) қазақ ұлтының, қазақ халқының тәуелсіз ел болуы үшін күресті. Ал, екінші топ кеңес өкіметін жақтап (Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Сейфуллин және басқалар), қазақ ауылындағы социалистік болашаққа қалтқысыз сенді. Сонымен бірге, белсенді қоғамдық-саяси қызметі кеңес өкіметінің орнауымен тұспа-тұс келетін тағы бір топтың қалыптасқанын айта кетуіміз қажет. Ұлт зиялылары тарихын зерттеуші тарихшылар белсенді қоғамдық-саяси қызметі кеңес өкіметінің орнауымен тұспа-тұс келетін топ өкілдерін қазан төңкерісі тудырған, яғни коммунистік партия қайраткерлері деп қана бағалауды жөн көреді. Менің ойымша, бұл пікір тарих ғылымындағы объективтілікті ескермей, біржақты бағалау болып табылады. Себебі, бұл азаматтар Ресей империясының бұратана халықтарға көрсеткен зорлық-зомбылық, яғни отарлау саясатының салдарының куәгері, әрі оны өздерінің өмір жолдарында (17-18 жастағы балаң жігіттер: білім алу, еңбек ету және т.б. мәселелерді шешуде) сезініп үлгерген еді. Сондықтан оларды ұлттық рухтан ада, тек коммунизм елесіне ерген фанаттар деп бағалауымыз қате болар. Өкінішке қарай, жоғарыда көрсетілген қай топтың да болмасын кеңес өкіметі кезінде нәубетке

ұшырамағаны кемде-кем, тіптен жоқтың қасы деп те айтуымызға болады.

Осы орайда, кезіндегі патшалық Ресейдің белгілі қоғамдық қайраткері Герценнің славянофилдер мен батысшылдар туралы «Олардың барлығы өз отаны мен халқының патриоттары» деген сөздері еріксіз ойға келеді. Айтпағым, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы күрделі саяси жағдайда Алаш қозғалысының өкілдері де, кеңес үкіметін қолдаған топ та өз ұлтының тәуелсіздігі үшін, оның болашағы үшін күресті.

Еліміз тәуелсіз, егеменді ел болғалы халқымызға өз елінің бостандығы жолында арпалысқан қазақ арыстарының, аққан жұлдыздай келте ғұмыр кешкен ардақты ұлдарының есімдері қайтарылу үдерісі әлі күнге дейін жалғасуда.

Кеңестік дәуірде жабық болып келген архивтік деректер, ұмытылған өмірбаяндар ғылыми айналымға қайта қосылғанда, зерттеушілер алдынан жаңа міндеттер шықты. Соның бірі – ұлт зиялыларының саяси жікке бөлінуі, жеке басқа табынушылықтың ұлт зиялыларының қалыптасуына кері әсері. Осының бәрі бір тұлғаның – Ораз Жандосовтың тағдырында көрініс тапты.

Ораз Қиқымұлы Жандосовтың өмірі мен қызметі туралы жазу қиын да ауыр. Біріншіден, зерттеуші-ғалымдар оның партиялық-қоғамдық қызметіне баға беруде әлі ортақ көзқарасқа келген жоқ. Кейбір зерттеушілер қайраткердің тек жіберілген қателіктеріне көңіл аударса, басқалары керісінше, оның Жетісу өңірінде кеңес өкіметін құру мен социалистік құрылысты орнатудағы рөліне көңіл бөлумен шектеледі. Екіншіден, Ораз Жандосовтың партиялық-

қоғамдық қызметі оған тікелей арналмаған зерттеулерде, яғни Жетісу өңірінде кеңес өкіметін орнату, Қазақстандағы социалистік құрылыс тарихы мәселелеріне және т.б. арналған жалпы еңбектерде жүйелі қаралмаған. Үшінші, Ораз Жандосовтың қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметіне арналған, оның қайраткер ретінде қалыптасуын, республика тарихында қалдырған ізін зерттеген нақты тарихи еңбек жоқ. Олқылықтардың орнын толтыру мақсатымен нақты тарихи деректер мен құжаттарға сүйене отырып, біз бұл зерттеуімізде О.Жандосовтың саяси, қоғамдық қайраткер ретінде қарастырдық.

Зерттеудің басты идеясы – О.Жандосовтың қоғамдық-мемлекеттік қызметін жан-жақты талдап ашу.

Әртүрлі зерттеулерге талдау жасау, оларды жүйелеу О.Жандосовтың тарихи рөлін бағалауға қатысты зерттеу кезеңдерін топтастыруға мүмкіндік берді.

1. Көзі тірі кезінде Ораз Жандосов туралы жарияланған мақалалар (1920-1938 жж.);

2. Халық жауы тұжырымы орныққан кезеңдегі еңбектер (1938-1956 жж.);

3. Ақталғаннан кейінгі жарық көрген зерттеулер (1957-1985 жж.);

4. Жариялылық кезеңінде пайда болған еңбектер (1985-1990 жж.);

5. Тәуелсіздік тұсында жарық көрген еңбектер (1991-2013 жж.).

Енді әр кезеңдегі зерттеулерге шолу жасап көрелік. Бірінші кезеңде жарық көрген еңбектер өте аз. Себебі, тоталитарлық дәуірдің қалыптасуы кезеңінде зерттеушілердің бірде-бірі республика басшыларының өмірбаянын ғылыми тұрғыдан саралауды мақсат

тұтқан жоқ. Тіпті ұлттық кәсіби тарих ғылымы да қалыптасып үлгермеген еді. Негізінен көлемі шағын мақалалар ғана жарияланды. Сондықтан да Ораз Жандосов туралы газет-журналдардағы мақалаларды ой елегінен өткіздік.

1935 жылы А.Розыбакиев пен Ш.Ярмухамедовтың мақалалары жарық көрді. Бұл мақалаларда Ораз Жандосовтың Жастар одағына алғашқылардың қатарында енгені және оның Жетісу өңіріндегі қызметі туралы айтылған [1]. Сонымен қатар осы жылы 1917 жылғы Жетісу тарихына арналған мақала пайда болды [2]. Бұл мақалада О.Жандосовтың аты Т.Бокиннің қызметіне байланысты аталып өткен. Алғашқы екі мақала сипаты жағынан ғылыми зерттеуден гөрі естеліктер қатарына жатады. Әрине, Ораз Жандосовпен қатар қызмет істеген қайраткерлердің естеліктерінің маңызы зор. Бірақ бұл естеліктерде оның қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметі жан-жақты қарастырылмаған. Айта кететін жайт, авторлар алдарына мұндай мақсатты қоймаған да.

О.Жандосов қызметінің әділ бағасын сол кездің өзінде-ақ халықтың өзі берді. Бұған Нұрилла, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев сияқты халық ақындарының О.Жандосовқа арнаған арнаулары дәлел.

Кенен Әзірбаев:

«Оразжан серкесі едің Жетісудың,  
Жасыңнан талаптанып оқу қудың» –

деп жырласа,

Жамбыл Жабаев:

«...Қара болсаң қара бол, ханнан аулақ,  
Кедейдің сөзін айттың, дауын даулап.



Қара қылды қақ жарып жүрсең егер,  
Бағың өсіп кетерсің, отын лаулап!» –

деп жырлаған екен.

Біздің ойымызша, О.Жандосовтың азамат, басшы, қайраткер ретіндегі бейнесін сомдауда осы жыр жолдары маңызды дерек көздері болумен қатар тарихнамалық талдауға да шылбыр ұстатады.

1937 жылғы БК(б)П ОК-нің ақпан-наурыз пленумынан кейін Ораз Жандосовқа саяси кінәлар тағыла басталды. Өмірінің соңғы кезеңіндегі (1937 маусым – 1938 ақпан) баспасөз бетінде жарық көрген басылымдарда ол тек ұлтшыл-фашист ретінде біржақты көрсетіліп отырды [3].

Ораз Жандосовтың тарихи рөлін бағалаудағы екінші кезеңді сталиндік деп айтуымызға болады. Себебі, тарих ғылымында сталиндік тұжырымдар үстемдік етті, ал мұндайда жеке тұлғалардың тарихтағы орны туралы сөз болуы мүмкін емес еді. Қалыптаса бастаған сталиндік ахуал бүкіл алдыңғы қатарлы зиялыларды, партия-мемлекет, қоғам, өнер қайраткерлерін нәубетке ұшыратып, оларды халыққа ұмыттыруға тырысты. Ал олардың өмірі мен қызметін зерттеу жабық тақырыптардың біріне айналды. Осы себептерге байланысты Ораз Жандосовтың саяси өмірбаянын арнайы ғылыми тұрғыдан зерттеу туралы сөз болмауы да, біздіңше, заңды құбылыс.

Бұл кезеңде тарихшылар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына Ораз Жандосовтың (тек оның ғана емес – *Г.Н.*) қосқан үлесін ауызға алмады. Мысалға, 30-шы жылдардағы партия тарихшылары Н.Тимофеев, С.Брайнин өздерінің 1926-1938 жж. индустрияландыру және ұжымдастыру

тарихына арналған көлемді мақалаларында [4] нәубетке ұшыраған қайраткерлер есімдерін айналып өткен.

1957 жылы Ораз Жандосовтың азаматтық және партиялық тұрғыдан ақталуы – оның өмірі мен партиялық-қоғамдық қызметіне арналған зерттеулердің пайда болуына қозғау салды. Бұл басылымдарды ой елегінен өткізе отырып, ақтаудың артында «салмақ» жатқанын ұмытпағанымыз жөн. Себебі, енді Ораз Жандосов – нағыз коммунист, қайсар большевик-лениншіл, жеке басқа табынушылық кезеңінде негізсіз нәубетке ұшыраған қайраткер ретінде ғана көрсетіле бастады. Осы жылы Ә.Тұрсынбаев [5] пен С.Жүсіпбековтің [6] Ораз Жандосов өмірі мен қызметіне арналған мақалалары жарық көрді. Өкінішке қарай, бұл зерттеулер мол мұрағат деректерінің негізінде жазылғанымен, жалпы сол жылдардың саяси әсерінен алыстап кете алмады. О.Жандосовтың Жетісу өңіріндегі қызметі кеңінен қарастырылғанымен, оның өмірінің соңғы кезеңдері қамтылмаған. Саяси ағымның дұрыс еместігіне күмән келтірмеу үшін Ораз Жандосов тағдыры шектеулі тұрғыдан ғана зерделенген.

Қазақстанның кеңестік дәуірі тарихына арналған ұжымдық еңбектерде: «Қазақстан партия ұйымдары азамат соғысы және шетелдік әскери интервенция кезеңінде», «Қазақстан партия ұйымы республика халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында күресте», «Қазақстан партия ұйымы социалистік индустрияландыру және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңінде» [7] Ораз Жандосов есімі ауызға алынған. 1961 жылы жарық көрген С.Н.Покровский

[8] зерттеуінде Ораз Жандосовтың Жетісу өңірінде кеңес өкіметін құру, социалистік құрылысты орнату жолында қандай қызмет істегені сөз болған. Осы кезеңде кеңестік қазақ зиялылары тарихына арналған М.Қарағұсов зерттеуі де дүниеге келді. Өкінішке қарай, бұл еңбекте [9] тек Ораз Жандосовтың ғана емес, жалпы бірде-бір қазақ қайраткерлерінің қызметтері мен көзқарастары тиісті бағаларын алмаған.

70-ші жылдары жарық көрген еңбегінде К.Бейсембиев, негізінен, О.Жандосовтың баспасөз бетінде жарық көрген бірнеше мақалаларының мазмұнына түсінік берумен шектелген [10]. Мұнда автор кейбір мәселелерде өзінің келіспейтінін білдіргенмен, жалпы, қалыптасқан ресми бағаны құптаушылық позицияда қалғанын аңғару қиын емес.

Ал келесі тарихи-партиялық сипатта жазылған С.Бейсембаев еңбегінде [11] Ораз Жандосов Жетісу өңірінде жаңа экономикалық саясатты түсінбеген қайраткерлердің қатарында көрсетілген. Автор республикадағы көрнекті партия және мемлекет қайраткерлерінің арасындағы кеңес өкіметінің алғашқы жылдары орталықтан жоғары оқу орындарын бітіргендердің қатарында Ораз Жандосовты да көрсеткен. Ал мұрағат құжаттарына сүйенер болсақ, Ораз Жандосов 1923 жылы Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылық институтын тәмәмдамай, Орта Азия мен Қазақстандағы ұлттық-межелу саясатына байланысты кері шақыртылып алынған.

Жетісу өңіріндегі ұлт істері бөлімінің қызметіне арналған «Казахский отдел народного комиссариата по делам национальностей РСФСР» атты еңбекте [12] авторлар С.Зиманов, С.Дәулетова, М.Исмагулов

Алматы облысының мемлекеттік мұрағатының құжаттарын кеңінен пайдаланғанымен, осы ұлт істері бөлімінің ұйымдастырушыларының бірі – Ораз Жандосовқа бір жол да арнамаған екен.

Ал 1971 жылы жарық көрген «Национальная политика Компартии в Туркестане (1917-1924 гг.)», 1975 жылы – «Под знаменем ленинских идей (из опыта парт.рук.)» еңбектерде [13] Ораз Жандосовтың аты Жетісу өңіріндегі жер-су реформасына және Қосшы Одағының қызметіне байланысты аталып, оған партиялық тұрғыдан баға берілген.

Сонымен, біз негізінен Ораз Жандосовтың өмірі мен қызметіне арналмаған Қазақстанның жалпы даму тарихына байланысты зерттеулерді қарастырдық. Коммунистік партия идеологтары мен партия ғылымының өкілдері Ораз Жандосовты партиялық функционер, бірінші басшының еркін ойланбай орындаушы ретінде көрсеткілері келді. Ал оның тұлғасын жан-жақты ашу мақсаты алға қойылған емес.

Осылайша, өкінішке орай, көрсетілген кезеңде баспасөз беттерінде жарық көрген Ораз Жандосовтың өмірі мен қызметіне арналған мақалаларда авторлар өздерінің партиялық парызын өтеумен ғана шектелген.

Бұл зерттеулер [14] Ораз Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметке араласуын 1918 жылы Верныйдағы ерлер гимназиясын тәмәмдауымен байланыстырады. Жетісу өңіріндегі қызметі ғана қарастырылып, оның өмір жолының келесі белестері үстірт баяндалған. Тіптен кейбір мақалаларда оның қай жылы қандай қызметтер атқарғаны ғана көрсетіліп, келтірілген фактілерге тереңірек үңіліп, баға беруге талпынбаған. Бірде-бір еңбекте оның өмірінің соңғы жылы,

неге, қалай атылғаны көрсетілмеген. Біздіңше, бұл мақалалар ғылыми зерттеуден гөрі, өмірбаяндық-анықтамалық сипатқа ие.

Ал 1974 жылы жарық көрген Қазақ Совет энциклопедиясының 4 томындағы О.Жандосов туралы өмірбаяндық анықтамада біраз қателіктерге жол берілген [15]. Ораз Жандосовтың өз қолымен жазылған өмірбаянында дүниеге келген жылы 1899 жыл деп көрсетілген еді, энциклопедияда 1889 жыл деп жүр. Сонымен бірге, Ораздың әкесінің атын, 1919-1921 ж. Түркістан КП мұсылман коммунистері секциясы облыстық бюросының төрағасы қызметін атқарған жылдарын жаңсақ көрсеткен, О.Жандосов бұл қызметті 1919 ж. шілде айынан 1920 ж. қараша айына дейін атқарған. Ал БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгеруші қызметін атқарған уақыты 1924-1928 жылдары емес. Ораз Жандосов бұл қызметке 1925 жылдың 18 сәуірінде ұсынылып, 18 мамырдағы қаулының негізінде 1 маусымда тағайындалған. 1928 жылдың қаңтар айында Халық ағарту комиссары қызметіне ауыстырылған.

Осы орайда 80-ші жылдары жарық көрген, кеңестік дәуірдегі қазақ зиялыларының қалыптасуы мен дамуына арналған Ш.Тастановтың еңбектерін де айта кеткен жөн [16]. Бірақ автор өз зерттеулерінде белгілі қайраткерлердің атын атап өтуден әріге бармаған. Сондықтан да кейбір қайраткерлер қызметі турасында көзқарасы айқын емес.

Қарастырылып отырған үшінші кезеңде жарық көрген тарихи-әдеби еңбектердің [17] О.Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметін зерттеу барысында алатын орны өзгеше. Журналист Ж.Арыстанов 1924-1925 жыл-

дарда О.Жандосовпен бірге қазақ ауылдарын зерттеген экспедицияға шыққан екен. Ол өз еңбектерінде О.Жандосовтың балалық кезеңін, оның қызмет жолының бастапқы кезеңін қарастырған. Дегенмен, мұнда әдеби шығарма болғандықтан, әсіреушілік басым.

Ал Балғабек Қыдырбекұлы өз шығармаларында мұрағат деректері негізінде Жетісу өңіріндегі қызметіне кеңінен тоқталған, бірақ тек сол уақыт тұрғысынан ғана баға берілген. Автор кейіпкердің балалық шағынан кейбір қызықты деректер келтіргенімен, өмір жолы толық қарастырылмаған.

Өзінің екі томдық әдеби шығармасын О.Жандосовқа арнаған жазушы Д.Ф.Снегин негізінен оның балалық шағы мен Жетісу өңіріндегі қызмет кезеңін қамтыған. Ал республика көлемінде істеген қызметі, яғни оның өмірінің қиын да көп қырлы тұстары қарастырылмаған. Д.Ф.Снегин өзінің еңбегін мол мұрағат деректерінің негізінде жазса да, О.Жандосовтың өмірінің соңғы жылы 1944 жыл деп қате көрсеткен.

Тұтастай алғанда, жоғарыда аталған тарихи-әдеби шығармаларда басты кейіпкер – Ораз Жандосовтың бейнесі сол кезеңнің уақыт талабына сай, болашақ ұрпаққа өнеге боларлық тұрғыдан жазылған.

Тарихи зерттеулер үшін құндылары О.Жандосовтың замандастарының ол туралы естеліктері [18]. Бірақ бұларда да оның өмірінің қиындықтары мен сан қырлы тұстары назардан тыс қалған және бұларда ресми тарихи құжаттар көрсетілмеді. Қазақстанда комсомол ұйымын ұйымдастыруға белсене ат салысқан, тұңғыш комсомол мүшелерінің бірі Құсайынбек Әміров естеліктерінің орны бөлек. Қ.Әміров өзінің жинағында О.Жандосовтың қызметіне ғана тоқталып қоймай,

оның адамдармен қарым-қатынасының қарапайымдылығын да, сөзге шешендігін де көрсете білген.

Белгілі қазақ ақыны Өтебай Тұрманжановтың «Ораз ағай» деген естелік-әңгімесі О.Жандосовтың көпшілікке беймәлім қырынан көрсетеді. Онда Қазақстандағы зұлмат – ашаршылық жылдары қарттар мен жас балаларға көрсеткен қамқорлығы сөз болады. Жетісу өңірінде комсомол ұйымының қалыптасуына және азамат соғысына, кеңес өкіметін орнату кезеңдеріне арналған естелік-жинақтарда да [19] О.Жандосовтың өмірі мен қызметіне біраз орын берілген.

Бірақ олардың бірі – қысқаша өмірбаянын берумен шектелсе, екіншісі – оның басқа қайраткерлермен қатар еңбек еткенін атап өтумен ғана шектеледі.

Біздің ойымызша, үшінші кезең зерттеулеріне жалпы сипаттаушылық тән. Қай зерттеуді ой елегінен өткізсек те, мұрағат құжаттары көрсетілгенімен, О.Жандосовтың қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметіне ғылыми тұрғыдан тиісті баға берілмеген.

Елімізде қайта құрудың басталуымен тарихи тұлғалардың қызметін бағалауда мүмкіншіліктер молайды. Дегенмен, Коммунистік партия үстемдігінің әлсіреуі ғылымды идеологиялық келеңсіздіктен жедел құтқара алған жоқ. Әлі де кейбір зерттеулерде ескі методологиялық әдістің басымырақ екенін көреміз. Оған 1989 жылы жарық көрген В.К.Григорьев, Н.Р.Джағфаров, В.П.Осипов жазған еңбек айғақ-дәлел [20]. Қазақстан партия ұйымының идеялық-саяси жұмысына арналған бұл зерттеуде қайраткерлердің, соның ішінде О.Жандосовтың да аты аталғанымен, ол тағы да біржақты бағаланған. Оны коммунистік идеяның шеңберінен шыға алмаған басшы-функционер ретінде

ғана қарастырады. 1989 жылы О.Жандосовтың 90 жылдық мерейтойына орай оның өмірі мен қызметіне арналған жаңа жұмыстар жарық көрді [21].

Алғашқылардың бірі болып Н.Жағыпаров О.Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметке араласуын 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысымен байланыстырған. Ал В.Ковалев болса О.Жандосовтың 1937 жылы қазан айында тұтқындалып, 1938 жылдың 3 наурызында атылғанын көрсеткен.

Жоғарыда көрсетілген төртінші кезеңде жарық көрген естеліктердің де өзіндік ерекшеліктері бар [22]. Мысалы, Е.Д.Энгинсон өзінің естелігінде О.Жандосовтың көпшілікке беймәлім оқытушылық қызметінен хабар береді.

Тәуелсіздік тұсында ұзақ жылдар бойы бұрмаланған тарих ақтаңдақтары ақтарылып, зерттеушілер үшін жабық болып келген мұрағат деректері ғылыми айналымға енгізілді. Тарихшылар үшін ақ түйенің қарны жарылды деуімізге болады. Осы кезеңде жарық көрген еңбектер таптық, партиялық ұстанымдардан ада, мәселені ақиқат тұрғысынан ашуға ұмтылыс тән. Бұған О.Жандосовтың 100 жылдық және 110 жылдық мерейтойларына орай ұйымдастырылған ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдарын жатқызуға болады [23]. Жандосов танудың ғылыми-теориялық өресін көтеруге 2 томдық «Ураз Джандосов. Документы и публицистика (1918-1937 гг.)» жинағының жарық көруі игі әсер етті.

Бір өкініштісі, 1995 жылы «Ораз Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметі» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғалып [24], 1999 жылы 100 жыл-



дық мерейтойы республикалық деңгейде аталып өткеніне қарамастан, 2001 жылы жарық көрген ұлттық энциклопедияның 4 томында, 1974 жылы жарық көрген Қазақ Совет энциклопедиясының 4 томындағы Ораз Жандосовқа арналған өмірбаяндық анықтамада орын алған қателіктер қайталанған. Ол аздай, осы қате мәліметтер интернетте де орын алып отыр. Мысалы, «elim.kz» сайтында О.Жандосовтың әкесінің аты қате берілсе, қазақша Уикипедияда энциклопедиядағы қате мәліметтер қайталанған. Бұл қазақстандық ғылымдағы келеңсіздіктің бір белгісі ме, әлде кездейсоқтық па? Бұған уақыттың өзі төреші бола жатар. Ал біздің айтарымыз кез келген зерттеуші құжаттарға, шынайы деректерге сүйеніп еңбектенсе, жаңсақ мәліметтердің таралуына жол берілмес еді. Өмірбаяндық анықтамалар нақты деректерге негізделуі тиіс. Сонда ғана тарих ғылымындағы объективтілік пен шынайылыққа қол жеткіземіз.

Сонымен, жинақтай айтсақ, тәуелсіздікке дейінгі зерттеулердің негізгі дені Ораз Қиқымұлы Жандосовтың қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызмет жолына арналғандықтан өмірбаяндық анықтамаларға айналған. Ал ұжымдық, жеке ғылыми зерттеулерде жалпы тарихи дамудағы белгілі бір оқиғаларға байланысты О.Жандосов аты аталып өткені болмаса, мәселе терең зерттелген жоқ. Тоқырау заманының ғылыми еңбектеріне тән нәрсе – тарихи оқиғаларды жеке тұлғаларсыз жазу. Бұл зерттеулерде оқиғалардың өткір тұстары айналып өтіліп, жалпылама тұрғыда оқырман қауымға ұсынылып отырды. Көптеген зерттеушілер Ораз Жандосовтың қызметін оң жағынан

көрсету мақсатымен қажымас, қайсар күрескер бейнесін жасаған. Бірақ мұндайда ол кіммен және неліктен күрескен деген орынды сұрақ туады. Коммунистік партияның ұстанған бағытын іс жүзіне асырушылардың бірі ретінде, қоғамға қолайлы жағынан ғана көрсетіліп отырған. Бұлайша біржақты бағалау тек О.Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметіне ғана емес, зиялылар тарихына да қатысты.

Тоталитарлық тәртіп жылдары қалыптасқан қоғамдық ғылымның идеологияға бағынышты жағдайы зиялы қауымының тарихы мәселесі төңірегіндегі шиеленіскен, қайшылықты және күрделі мәселелерді көтеруге мүмкіндік бермеді. Тәуелсіздік тұсында тарихшылар уақыт «тәлкегіне» түскен тағдырларға қайта оралып, әділ бағаларын беруде. Мінеки, осы бесінші кезең деп белгіленген уақытта жарияланған зерттеулер ерекшелігі жаңа құжаттар мен деректердің кеңінен пайдаланылуында деп білеміз.

Кітапта мұрағат құжаттары, ғылыми жинақтар мен мерзімді басылымдардың деректері кеңінен пайдаланылды. 1999 жылы О.Жандосовтың 100 жылдық мерейтойына қарсы жарық көрген екі томдық жинақ пен естеліктер кітабын, осы жинақтарға енбей қалған басқа да құжаттарды – тарихи дерек ретіндегі маңыздылығын ескере отырып, біз олардың мәліметтерін толығымен пайдалануға тырыстық.

Кітапта қолданылған негізгі деректердің мұрағат құжаттары, яғни түпнұсқа деректер екенін атап өткен жөн. Түпнұсқа деректер орыс тілінде болғандықтан, олар автордың аударылуында берілді.

Зерттеу барысында негізгі деректер мына мұрағат қорларынан алынды:

- Өзбекстан Республикасы қазіргі заман тарихы құжаттарының Орталық Мемлекеттік мұрағаты: 60-қор (ТүрКомпартиясының Орталық Комитеті).

- Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты: 17 қор (Түркістан АКСР-і Кеңестерінің Орталық Атқару Комитеті).

- Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты: 8-қор (Алматы облыстық БК (б) II комитеті), 27-қор (Кеген аудандық БК (б) II комитеті), 139-қор (Қырғыз облыстық комитеті), 141-қор (Қазақ өлкелік РК (б) II – БК (б) II комитеті), 666-қор (Жетісу ТКП облыстық комитеті), 811-қор.

- Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты: 5-қор (ҚазАССР Орталық Атқару комитеті), 30-қор (Халық комиссарлар кеңесі), 46-қор (Жетісу облысы әскерлерінің штабы), 76-қор (Верныйдың округтік прокуроры), 77-қор (Верныйдың округтік соты), 81-қор (Халық ағарту комиссариаты), 693-қор (Қазақстанды зерттеу қоғамы), 740-қор (Жаңа-қазақ алфавитінің Орталық Комитеті), 766-қор (Сауатсыздықты жою қоғамының Өлкелік Кеңесі), 769-қор (Қосшы Одағы), 1142-қор (Қазақ педагогикалық институты), 1775-қор (Қазақ Мемлекеттік Ауылшаруашылық институты), 1781-қор (Мемлекеттік республикалық кітапхана), 1864-қор (Ғ.Мүсірепов қоры) 1959-қор (Өтебай Тұрманжанов қоры).

- Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік кино-фото-фоно-құжаттар мұрағаты.

- Алматы облыстық Мемлекеттік мұрағаты: 350-қор (Жетісу облыстық төңкерістік комитеті), 370-қор (Жетісу губерниясы мен қалалық комитеттің Қосшы одағы), 489-қор (Жетісу губерниялық атқару комитеті), 685-қор (Алматы облыстық атқару комитеті).

- Қызылорда облыстық Мемлекеттік мұрағаты: 26-қор (Қызылорда округінің жұмысшы, дихан мен қызыл гвардияшылар депутаттары кеңесінің атқарушы комитеті), 107-қор (Қызылорда халық депутаттарының қалалық кеңесі мен оның атқарушы комитеті).

Сонымен қатар Түркістан Коммунистік партиясының өлкелік комитетінің, БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің пленумдары мен конференцияларының жарияланған материалдары пайдаланылады. Бұл құжаттармен қатар төмендегі жинақтарда жарияланған деректерге де сүйендік: «Всесоюзная перепись населения 1926 года». – М., 1329. Т.5; «Казахстан за 50 лет: Статистический сборник». – А., 1971; «Культурное строительство в Казахстане (1918-1932 гг.)». Сборник документов и материалов. – А., 1965. Т.1; «Образование и деятельность Коммунистической партии Туркестана. Летопись событий». – Ташкент. 1966; «Советское строительство в аулах и селах Семиречья». Сборник документов и материалов. – А., 1957. ч.1; «Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926-1941 гг.)». Сборник документов. – А., 1957. Ч.1, 2.

Зерттеуімізде «Көмек», «Правда», «Туркестанская правда», «Джетысуйская правда», «Советская степь», «Еңбекші қазақ» газеттерінің тігінділері; «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп», «Известия ЦК Крайкома РКП (б)» және тағы басқа журналдар ой елегінен өтті. Көрсетілген құжаттар мен деректер қоғамның саяси жүйесіндегі жалпы дамуға баға беруге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында Ораз Қиқымұлы Жандосовтың 20-30 жылдарда баспасөз бетінде жарық

көрген мақалаларымен қатар мұрағат қорларында сақталған еңбектері де кеңінен қолданылды.

Қазақстанда кеңес билігі орнағаннан кейін, бірінші кезекте өз шешімін табуға тиісті бірнеше мәселелер тұрды. Қазақ бұқарасының тұрмыс жағдайының түбегейлі өзгеруі сол мәселелердің тура шешілуіне тікелей тәуелді болды. Олар жерді пайдаланудағы бұрынғы әділетсіздікті жою, жергілікті халыққа жақын, түсінікті және оған қызмет ететін мемлекеттік аппаратты құру, жаңа қоғамдық құрудың әдістері мен жолдары сияқты мәселелер еді.

О.Жандосов әр деңгейдегі басшылық қызметтерді атқара жүріп, өз ойын, толғаныстарын мақалалары арқылы білдіріп отырған. Сол себептен де О.Жандосов еңбектері біз үшін ауыр да азапты 20-30 жылдардың тарихи дерегі. Оның шығармаларымен таныса отырып, сол кезеңдегі уақыт тынысын, талабын сезінеміз.

О.Жандосов шығармаларын жазылу уақытын негізге ала отырып үш кезеңге бөліп қарастыруымызға болады:

1. 1919-1923 жылдарда жазылған еңбектері;
2. 1924-1928 жылдарда жазылған еңбектері;
3. 1929-1937 жылдарда жазылған еңбектері.

Ал енді оның еңбек жолын – қалыптасу, өрлеу, құлдырау кезеңдері деп сараласақ, шығармашылық мұрасын да:

1. Қоғамдық, мемлекеттік қайраткер ретінде қалыптасу кезеңінде жазылған еңбектері [25];
2. Қызметінің өрлеу кезеңінде жазылған еңбектері [26];
3. Қызметінің төменгі сатыға құлдырау кезеңінде жазылған еңбектері [27] деп бөлер едік.

Оның еңбектерін хронологиялық шеңбермен шектемей, мақалаларында көтерген мәселелері бойынша да төмендегідей топтастыруымызға болады:

1. Ұлттық мәселе, ұлттық мемлекеттік аппаратты құруға көзқарасы:

2. Қазақ ауылындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді іске асыру жолындағы әдістерге көзқарасы;

3. Мәдени-ағартушылық мәселесіне көзқарасы.

Зерттеуімізде пайдаланылған тағы бір деректер – саяси қайраткерлердің партиялық конференцияларда, пленумдарда сөйлеген сөздері [28]. Бұл топтағы деректердің материалдарын қолдануда авторлардың ұстанған субъективтік жолдары ескеріліп отырды.

Деректер қатарына О.Жандосовтың өміріне арналған «Лениндік гвардияның қатардағысы» сериясымен түсірілген «Ұлттық бөлімнің хроникасы» деген деректі киноны да жатқызамыз [29].

О.Жандосов мақалалары еш басылымда жүйелі түрде жарияланбағандықтан, толық тізімін және қосымшада кейбір мұрағат құжаттарын бергенді жөн көрдік. Кітапта берілген көптеген мұрағат деректері мен құжаттары алғаш рет жарияланып отыр.

## *Бірінші тарау*

# **ОРАЗ ЖАНДОСОВТЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Қазақстанның Ресейге бодан кезінен бастап төл тарихымыз азаттық жолындағы күрес тарихына айналды. Туған халқының бостандығын бәрінен де жоғары қойған, ел жұртын отаршылдық бұғауынан босатуды мақсат еткен қоғам қайраткерлері тарих сахнасына көптеп шыға бастауы кең орын алды. Олардың бірі – ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ шежіресінде терең із қалдырған тарихи тұлға Ораз Қиқымұлы Жандосов заман тудырған азамат. Осы кезеңдегі халық тарихы мен Ораз Жандосовтың өмірбаяны бірімен-бірі ажырағысыз тығыз байланысты болып келеді. О.Жандосовтың күрделі әрі тағылымды ғұмырын зерттеу – ұлтымыздың өткен жолын, өзімізді өзіміздің жете танып-білуімізге көмектеседі. Кезінде коммунистік идеологияның дара үстемдігі дәуірінде бұрмаланған О.Жандосов сынды ірі күрескерлер туралы шындықты қалпына келтірудің тарихымыздан дұрыс сабақ алуға өз септігін тигізері анық.

О.Жандосовтың қоғамдық-мемлекеттік қайраткер ретінде қалыптасу эволюциясында аса маңызды белес Түркістандық кезең (1916-1924 жж.) болып табылады. Ораз Жандосовтың қоғамдық-саяси қызметінің

алғашы кезеңін ерекшелендіретін бірнеше дәлелдер бар. Ораз ғұмырының оның басқа тұстарымен салыстыра саралағанда өзіндік күрделілігін айқын көреміз. Айта кету керек, 1916-1924 жылдар Ораз Қиқымұлының жеке тұлғасында ғана емес, бүкіл қазақ тарихында шым-шытырық оқиғаларға, күрт өзгерістерге, шегіне жете шиеленіскен күрес пен арпалысқа толы болды.

Жаңа мен ескінің, әділеттілік пен зорлықтың тайталасына жай ғана қатысушы емес, төңкеріс заманының белсенді кейіпкері, бұқараның танымал жетекшісі, көптеген игі істердің бастаушысы, саяси ұйымдастырушысы болған Ораз Жандосовтың жан-жақты қызметінің мән-маңызын тарих ғылымында жеткілікті түрде ашып көрсету оңай шаруа емес. Күні бүгінге дейін О.Жандосовтың тарихымызда алатын орны орынды бағаланбай келгендігін былай қойғанда, оның Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарындағы қызметі туралы өмірінің өзге кезеңдеріне қарағанда көбірек жазыла тұрса да, дәл осы тұстағы Ораз еңбегінің мазмұны тиісті дәрежеде әлі ашылмай келеді.

Ал О.Жандосов сияқты біртуар тұлғаны объективті зерттеп, оған әділ бағасын беру үшін қайраткердің шыққан ортасына, жастық шағына қысқаша болса да тоқталып өту қажет.

Ораз Қиқымұлы Жандосов 1899 жылы 25 ақпанда Верный уезінің Шамалған болысындағы №7 ауылда (қазіргі Қарасай ауданындағы Жандосов атындағы кеңшарда) дүниеге келді. Оның әкесі Қиқым жартылай отырықшы Шапырашты руынан шыққан. Кедейшілік бұл отбасына ертеден мықтап қонған еді. Ораздың әкесі Қиқым ұзақ жылдар бойы